



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

УДК 711.7

МУЗЫКАЛЫҚ-ЫРҒАҚТЫҚ ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ БАР ОҚУШЫЛАРЫН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Нурова Асемгуль Кожихановна
А.Байтұрсынов атындағы ҚӘУ
педагогика ғылымдарының магистрі,
E-mail: nurova.asemgul@mail.ru

Капарова Мадина Канатовна
«Арнайы педагогика» БББ, 4 курс
Қазақстан, Қостанай қ

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: Қазіргі кезде ақыл-есі кем балаларды эстетикалық тәрбиелеу тәрбие жұмысының бағыттарының бірі ғана емес, сонымен бірге бірыңғай білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және қолайлы педагогикалық жағдайлар жасау кезінде ақыл-есі кем балалар өздерінің эстетикалық дамуында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алады. Музыка – балаларды эстетикалық тәрбиелеудің күшті құралдарының бірі, ол бізді қоршаған шындықты дыбыстық бейнелерде жаңғыртады. Музыканың әсері балалардың эмоционалды жағдайына жағымды әсер етеді, оларға жалпы моральдық, физикалық және ең бастысы – эстетикалық дамуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: эстетика, музыкалық терапия, музыкалық аспаптар, эстетикалық тәрбие.

Аннотация

Актуальность и цель В настоящее время эстетическое воспитание умственно отсталых детей является не только одним из направлений воспитательной работы, но и неотъемлемой частью единого образовательного процесса, и при создании благоприятных педагогических условий умственно отсталые дети могут достичь значительных результатов в своем эстетическом развитии. Музыка-один из мощных инструментов эстетического воспитания детей, он воспроизводит окружающую нас реальность в звуковых образах. Воздействие музыки благоприятно сказывается на эмоциональном состоянии детей, позволяет им развиваться в целом морально, физически и, главное, эстетически.

Ключевые слова: эстетика, музыкальная терапия, музыкальные инструменты, эстетическое воспитание.

Abstract

Relevance Goal Currently, the aesthetic education of mentally retarded children is not only one of the directions of educational work, but also an integral part of the unified educational process, and when creating favorable pedagogical conditions, mentally retarded children can achieve significant results in their aesthetic development. Music is one of the powerful means of aesthetic education of children, it reproduces the reality around us in sound images. The influence of music has a positive effect on the emotional state of children, gives them the opportunity to develop in general moral, physical and most importantly – aesthetic.

Key words: aesthetics, music therapy, musical instruments, estatic education.

Қазіргі кезде ақыл-есі кем балаларды эстетикалық тәрбиелеу тәрбие жұмысының бағыттарының бірі ғана емес, сонымен бірге бірыңғай білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және қолайлы педагогикалық жағдайлар жасау кезінде ақыл-есі кем балалар өздерінің эстетикалық дамуында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алады. Эстетикалық тәрбиенің ерекшелігі – оқушылардың психикалық ерекшеліктерін ескеру, балалардағы ауытқуларды жеңуге бағытталған психокоррекциялық технологияларды жүзеге асыру.

Кеңестің ұлы психолог ғалымдарының бірі Л.С. Выготскийдің анықтамасы бойынша: «Ақыл – есі кем бала – бұл мидың органикалық зақымдануына байланысты танымдық белсенділігі және басқа да жоғары психикалық функциялары тұрақты түрде бұзылған бала». Анықтамаға сәйкес ақыл-есі кем балалардың психикалық функциялары, яғни түсік пен қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау операциялары бұзылғандықтан балалардың аталған функциялары кешеуілдеп қалыптасады және тежеліп дамиды[1, 7б].

Ақыл-есі кем балаларда қабылдауының тежелгендігі және шектелгендігі, зейіндерінің тұрақсыздығы, бөлінгіштігі және енжарлығы, есте сақтауының көлемінің аздығы мен баяулылығы, сыни ойлауының нашарлығы немесе мүлдем болмауы, қимыл-қозғалыстарының икемсіздігі, жалпы моторикасының нашар дамуы байқалады.

Ақыл-есі кем балаларды эстетикалық тәрбиелеудің және аталған кемшіліктерді түзете-дамытудың негізгі құралы – музыкалық-ырғақ сабағы.

Музыка – балаларды эстетикалық тәрбиелеудің күшті құралдарының бірі, ол бізді қоршаған шындықты дыбыстық бейнелерде жаңғыртады. Музыканың әсері балалардың эмоционалды жағдайына жағымды әсер етеді, оларға жалпы моральдық, физикалық және ең бастысы – эстетикалық дамуға мүмкіндік береді. Эстетикалық тәрбие мыналарды қамтиды: 1) балаларды сұлулықты қабылдауға, сезінуге және түсінуге үйретеді; 2) жақсы мен жаманды айыра алуға көмектеседі; 3) шығармашылықпен өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді [2, 106].

Әуенді қабылдау, ән айту, музыкалық ырғақ бойынша билеу, музыкалық аспаптарда ойнау – оқушыларды музыкалық-эстетикалық тәрбиелеудің негізгі бағыттары мен құралдары. Алайда ақыл-ой кемістігі бар бала үшін музыкалық-ырғақ сабағы тек тұлға тәрбиесінің бір түрі ғана емес, сонымен қатар сол балаға қатысты емдік маңызы бар профилактикалық түзете-дамытушылық сабақ түрі.

Музыкалық терапия – бұл арт-терапияның бір түрі, мұнда музыка емдік және түзету мақсатында қолданылады. Бұл сабақтарда бала ән айту (вокалотерапия) немесе қозғалыс (кинезитерапия – би терапиясы, хореотерапия) және музыкалық аспаптарда ойнау (аспаптық музыка терапиясы) арқылы музыкалық терапия процесіне белсенді қосылады.

Музыкалық-ырғақ сабағының негізгі міндеттері: 1) музыкалық сабақтарға және олардың мазмұнына оң көзқарасты қалыптастыру; 2) музыкаға эмоционалды жауаптылықты тәрбиелеу, биіктігі, күші, ұзақтығы, тембрі бойынша ажырату; 3) ырғақ сезімін қалыптастыру; 4) музыкалық есте сақтауды дамыту; 5) балалардың қоршаған шындық туралы түсініктерін байыту және жаңа музыкалық идеяларды қалыптастыру; 6) балалардың музыка мен ырғаққа сай және мәнерлі қозғалу, қозғалыстарды музыканың қарқыны мен ырғағымен үйлестіру қабілетін дамыту; 7) ептілікті, тепе-теңдік сезімін, кеңістіктегі бағдарлауды, қимылдарды үйлестіруді қалыптастыру; 8) би қимылдарын үйрету [3, 36].

Әр сабақтың мазмұнына әуенді тыңдау (қабылдау) кіреді. Ән айту мен әуенді тыңдау бір-бірімен байланысты. Бір жағынан, әуенді тыңдау дұрыс ән айтуды үйретуге көмектеседі, балалардың жалпы музыкалық деңгейін көтереді, ал екінші жағынан ән айту есту қабілетін дамытуға көмектеседі. Көркем сөз немесе кескіндеме ретінде музыка балаларға өз сезімдерін, көңіл-күйлерін, ойларын білдірудің қол жетімді құралына айналады. Әуендерді тыңдау қызығушылықты, музыкалық туындыларға деген сүйіспеншілікті дамытады, музыкалық ой-өрісті кеңейтеді, музыкалық сезімталдықты, эмоционалдылықты арттырады, музыкалық талғамды тәрбиелейді. Психиканың дамуында есту арқылы қабылдау ерекше маңызға ие, ал оның тежелуі баланың сөйлеу тілінің қалыптасуының тежелуіне, бұл өз кезегінде бала ой-өрісінің, яғни танымының дамуының тежелуіне және айналада бағдарлай алмауына әкеледі.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларға тез шаршау, алаңдаушылық, ұзақ уақыт зейінді тұрақты сақтай алмау тән, сондықтан әр шығарманы тыңдау 5 минуттан аспайды, ал ұзын музыкалық шығармаларды бөліктерге бөліп тыңдатқан жөн. Балалармен сабақ барысында жалпы педагогикада қолданылатын қайталау әдісін пайдаланған тиімді. Оқушыларға тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да музыка тыңдауға мүмкіндік беру керек. Музыканы жүйелі тыңдау нәтижесінде балаларда музыкалық талғамды қалыптастыру негіздері қаланады. Бірте-бірте оқушылар қабылданған музыкалық шығармалардың сипатына барабар жауап береді. Олар үшін белгілі музыкалық шығармаларды тізімдеу, олардың кейбірін орындау кезінде білу, музыкаға деген көзқарасын білдіру мүмкіндігі пайда болады.

Ән айту – ақыл-есі кем балаларға музыкалық іс-әрекеттің ең қолжетімді және түсінікті түрі. Ән айтуға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті ояту ерекше қиындық тудырмайды. Әндерді орындай отырып, олар музыканы тереңірек қабылдайды, өз тәжірибелері мен сезімдерін белсенді түрде білдіреді. Ән айту процесінде балалар музыкалық қабілеттерін дамытады: музыкалық есту, есте сақтау, ырғақ сезімі. Ән айту сөйлеудің дамуына ықпал етеді. Әуен мен сөз ұйымшылдық сезімін тудырады. Көбінесе хорда ән айту жағымды ықпал етеді. Бала тек ән айтып қана қоймай, сонымен қатар ұжымдық қарым-қатынасқа тартылады. Ән мәтіндері мен әуендердің әсемдігі қызығушылықты оятып, олардың эмоционалды тәжірибесін байытуға көмектеседі. Бұл психологиялық жағдайда теріс, жағымсыз эмоциялық күйлерді азайтады, соның арқасында сөйлеу қиындықтарынан оңайырақ өтеді. Ән айту өкпенің және бүкіл дауыс аппаратының дамуына және нығаюына ықпал етеді. Балалардың көпшілігі ауызша сөздерді толық білмейді және әуенді дәл интонацияламайды, бірақ бұл олардың әндерді орындау кезінде қуаныш пен қанағат сезімін сезінуіне кедергі болмайды.

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың жалпы ой-өрісін дамытуда кинестетикалық қабылдау үлкен рөл атқарады. И. П. Павлов кинестетикалық немесе проприоцептивтік қабылдауларды қиыл-қозғалыс

анализаторының жұмысы деп атаған. Ақыл-ойы кем баланың проприоцептивтік сезінулердің дәл болмауынан, қимыл-қозғалыстың тепе-теңдігі және нәзіктігі мен үйлесімділігі бұзылады. Музыкалық-ырғақ бойынша қозғалыстар музыкаға арналған жалпы дамыту жаттығуларын қамтиды. Ақыл-ой кемістігі бар балалар қимылдар тізбегін нашар есте сақтайды, бір тапсырманы екіншісімен шатастырады. Сондықтан, бастапқыда оқушылар еліктеу жаттығуларын орындайды, ал жаттығулар игерілген сайын балалар өз қимылдарын музыкалық сүйемелдеудің қарқыны мен сипатымен байланыстыра отырып, өз бетінше әрекет ете бастайды.

Музыкалық-ырғақтық жаттығулар процесінде оқушылар бағанға бір-бірден және жұппен тұра білуге; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ажырата және дербес орындай білуге; музыканың сипатымен ұсынылған бейнелі қозғалыстарды анықтай және орындай білуге; бір-бірінің арақашықтығын сақтай отырып, бағанда қозғала білуге және т. б. орындауға үйренеді.

Түзету ырғағы музыкалық ойындар, би қимылдары, музыкалық аспаптарда ойнау арқылы ырғақ сезімнің мақсатты, дәйекті қалыптасуын қамтиды. Балалар музыкаға әрдайым дерлік қозғалыстармен жауап беретіні белгілі, кейбір жағдайларда – еріксіз, ал басқаларында – саналы, айқын сипатта. Ырғақты есту арқылы қабылдау іс жүзінде барлық балаларда, соның ішінде ақыл – ой кемістігі бар балаларда да жақсы дамыған, ал оған дәл жауап беру қабілеті нашар. Сондықтан музыкалық-ырғақ сезімін тәрбиелеуге ерекше рөл беріледі. Оқу міндеттеріне келесілерді жатқызады: 1) музыканың айқын сипатына сәйкес қозғалуға үйрету; 2) музыкалық шығармаларда метрикалық үлес пульсациясының сипатын байқау; 3) музыкадағы күшті және әлсіз үлестердің ауысуын қозғалыстарда белсенді және айқын білдіру.

Алғашқы сабақтардан бастап балаларды музыкалық шығарманың метрикалық үлестерінің пульсациясын тыңдауға және оның негізгі қарқыны мен сипатын тиісті дене қимылдарында білдіруге үйрету керек: шеру музыкасына нақты және батыл қадам жасау; бесік жырын шырқай отырып, тегіс, жұмсақ қимылдармен қуыршақты шайқау; би музыкасын жандандыру үшін жалынды шапалақтау. Музыканы орындауға балаларды осылай қатыстыру музыкалық-ырғақтың терең қабылдауын қамтамасыз етеді.

Тыңдалған шығармаларға, әсіресе билер мен шерулерге ырғақтық сүйемелдеу жасалады. Жұмыстышу әсерімен ойнау мақсатқа айналмайтындай етіп ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстың міндеті – балалар әдемі, мәнерлі нәрсе жасауға тырысады, музыканы тыңдайды және олардың күш-жігерінің нәтижелерін бағалауды үйренеді.

Музыкалық-ырғақты тәрбиелеу кезінде балаларда саусақтарды бір-бірімен ұрыстыру, алақандарымен шапалақтау, аяқпен жерді таптау, қолдарымен аяқтарын ұру сияқты қозғалыстар пайда болады – бұл экспрессияны білдірудің ең табиғи құралы. Бала осы табиғи қозғалыстарды ырғақпен ұйымдастыра отырып, олардың моторлық үйлестіруін жақсартады.

Балалардың «табиғи соқпалы аспаптары» әртүрлі шу әсерлерін қолдануға мүмкіндік береді – шапалақтау, қағу, ұру, шерту, таптау. Ырғақтық сүйемелдеу жасай отырып, мұғалім әрқашан мақсатты анық көруі керек: шығарманың негізгі сипатын, құрылымын, оның бейнелерінің ықтимал қарама-қайшылықтарын анықтау және атап өту.

Ақыл-есі кем балаларды биге үйрету алдында жеке қимылдар мен би элементтерін нақты және мәнерлі орындау дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Әр жаттығуға қозғалыс ерекшеліктері көрсетілген әуен таңдалады. Мысалы, дөңгеленіп жүре билейтін би қадамын игеру тыныш орыс хылқының әуенімен, ал таптау-жалынды бимен байланысты. Заттармен жаттығулар кескінді сезінуге көмектеседі. Қолында жалаушалармен жүру кеңірек жүруге мәжбүр етеді. Бұл балалардың кеңістікте бағдарлау әрекеттерін дамытады. Қозғалыстардың тегістігі мен үйлесімді нәзіктігін пысықтауға қазақ билерін үйрену ықпал етеді. Бұл бөлімнің тапсырмалары тек дамытушылық қана емес, сонымен қатар танымдық сипатта болады. Биді үйрене отырып, оқушылар би атауларымен (полка, гопак, дөңгеленіп жүре билейтін би, квадриль, вальс), сондай-ақ осы билердің негізгі қимылдарымен (притоп, галоп, қадам, полька, ауыспалы қадам, отыру, қазақ билерінің ұлттық қимылдары) танысады. Әр түрлі халықтардың билерін орындау балаларды халықтық мәдениетке, қозғалыстарда әр түрлі ұлттардың билерінің сипаттамалық ерекшеліктерін таба білуге, интернационализм сезімін тәрбиелеуге баулиды [4, 256].

Музыкалық-ырғақ сабақтарында балалар музыкалық аспаптарында ойнау бөлімі де бар. Музыкалық ойыншықтар мен балаларға арналған ұрмалы аспаптар ерекше рөл атқарады, өйткені олар баланы музыка саласына тартады, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға және музыкалық сауаттылықтың жеке элементтерімен таныстыруға көмектеседі. Музыкалық аспаптар көбінесе күрделі және дидактикалық ойындарда қолданылады.

Сабақтарда әртүрлі музыкалық аспаптар қолданылады – металлофондар, аккордеон, фортепиано және мүмкіндігінше синтезатор. Сонымен қатар, ұрмалы және шулы аспаптар – сылдырмақ, дабыл, үшбұрыш, ағаш қасықтар, таяқша, пандейра, маракас, тамбурин. Бұл кіші сыныптарда перкуссиялық оркестрмен сабақ өткізуге, ал жоғары сыныптарда-вокалды-аспаптық ансамбль, оркестр құруға мүмкіндік

береді. Қарапайым музыка – бұл көп қырлы ойнауға мүмкіндік беретін оқыту түрі: аспаптарда ойнау, музыка элементтерімен ойнау: ырғақ, тембр, динамика, текстура және т. б., бір-бірімен ойнау, әндердің сюжеттерін ойнау және бірге ойнау, барлығына ыңғайлы және қуанышты болатын ерекше қарым-қатынас атмосферасын құру [5, 186].

Балалардың шулы және ұрмалы аспаптар оркестрі музыкалық қабылдау мен естуді, музыкалық-ырғақты қабілеттерді, есте сақтауды дамытудың тиімді құралы болып табылады. Мұндай оркестрлерді құру – бұл балада метроритмикалық есту қабілетін дамытудың керемет құралы. Балалардың шулы және ұрмалы аспаптар оркестрінің болуы оқушының музыкалық іс-әрекетінің аясын кеңейтеді және оның музыкаға деген қызығушылығын арттырады.

Шығармашылық қиял, ойынға деген құштарлық сияқты, әр балаға тән, сондықтан осы табиғи бейімділікті музыкалық-ырғақ сабағында үлкен жетістікпен дамытуға болады. Осы мақсатта музыкалық сабақтарға музыкалық импровизациялар енгізіледі. Музыкалық импровизацияның құндылығы өте зор: олар балалардың шығармашылығын, соның ішінде орындаушылық дағдыларын, сондай-ақ олардың музыкаға бейімділігін дамытады. Балаларды өздері жаттығулар жасай алатынын, олардың ырғақтармен, интонациялармен қалай «ойнауға» болатындығын көрсетіп, бейнелі көріністермен байланыстыра ойлай алатынына сендіру қажет. Бұл ойындардың негізінде бейнелі немесе сюжеттік мағына болуы керек. Олар ұжымдық импровизацияларды орындаған сайын музыкалық-ырғақты есту арқылы қабылдауды жаттықтырады.

Ашық ойындар, ән айту ойындары, драматизация ойындары, музыкалық ертегілер, билер, дөңгеленіп жүребилейтін билер, әртүрлі ұлттардың билері мерекелік концерттер, шығармашылық байқаулар-конкурстар және т. б. өткізуде қолданылады.

Осылайша, музыкалық-ырғақты құралдардың бүкіл жүйесі сабақтарда физикалық бұзылуларға, баланың қозғалыс саласының жағдайына, музыкалық-педагогикалық жұмыстың әр кезеңінің түзету міндеттеріне, музыкалық сабақтардың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты өзгереді. Музыкалық-ырғақты құралдардың барлық алуан түрін әртүрлі комбинацияларда қолдану ақыл-ой кемістігі бар балаларды әлеуметтік оңалтудың түпкі мақсаттарымен байланысты.

Музыкалық-ырғақ сабағында ақыл-ой кемістігі бар балалардың әуенді есту барысында музыкалық естіп қабылдауы қалыптасады, ән айту барысында дұрыс тыныс алу мен дауыс аппаратын жаттықтырады, сонымен қатар өзінің сөздік қорын байытады, әуенге сай би билеуде қимыл-қозғалысы және жалпы моторикасы дамиды, музыкалық аспаптарда ойнау барысында ұсақ қол моторикасы, ырғаққа сай әуен шығару және ұжымдық іс-әрекет жасауға үйренеді. Бұның бәрі өз кезегінде ақыл-ой кемістігі бар баланы эстетикалық тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Боровиков Л.И. Педагогика дополнительного образования : Учебно-методическое пособие. 3-е изд., испр. и доп. Новосибирск: Изд-во НИПКиПРО, 2014.
2. Включение детей с ограниченными возможностями здоровья в программы дополнительного образования: Методические рекомендации / под ред. А.Ю. Шеманова. – М. 2012.
3. Колодницкий Г.А. Музыкальные игры, ритмические упражнения и танцы для детей. М.: Гном-Пресс, 2000.
4. Сумина Т.Г. Теория и методика воспитательной работы. М.: Екатеринбург РГППУ 2010.
5. Кондакова О.Г. Роль ритмики в эстетическом воспитании умственно отсталых младших школьников. Диссертация, 2014.